

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ



ПРЕМЬЕР-МИНИСТР
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына

(А.Т. Қожахметов, Е.Н. Абақанов,
Г.Қ. Бижанова, Ф.А. Қаратаев)

31.03.2021 жылғы № ДЗ-118 хатқа

Құрметті депутаттар!

Сіздердің «Байқоңыр» ғарыш айлағының қызметімен байланысты мәселелер бойынша депутаттық сауалдарыңызды қарап, мынаны хабарлаймыз.

«Байқоңыр» ғарыш айлағына іргелес аймақтар мен тасымалдағыш-зымырандар сатыларының құлау аймақтарының ластану деңгейіне қатысты

«Байқоңыр» ғарыш айлағынан тасымалдағыш-зымырандардың барлық ұшырылымдарын экологиялық мониторингілеу жұмыстарын «Ғарыш-Экология» ғылыми-зерттеу орталығы» РМК (бұдан әрі – Ғарыш-Экология) жүзеге асырады.

2020 жылдың қорытындысы бойынша «Союз-2.1а» тасымалдағыш-зымыранының (бұдан әрі – ТЗ) ұшырылымдарын экологиялық сүйемелдеу кезінде «Байқоңыр» ғарыш айлағының орналасу ауданында атмосфераның жерге жақын қабатынан 24,8-29,4 мг/м³ қаныққан (С₆ және одан жоғары) көмірсутектер табылды, оның жарамды нормасы 30 мг/м³.

Бұл жағдайда Қарағанды облысының Ұлытау ауданындағы «Союз» ТЗ бүйірлік блоктарының құлау орындарында атмосфераның жерге жақын қабатынан табылған қаныққан (С₆ және одан жоғары) көмірсутектердің деңгейі 22,8-29,4 мг/м³ құрады, бұл шама да жарамды нормадан аспайды.

«Союз» ТЗ ұшырылымдарына дейін және одан кейін «Байқоңыр» ғарыш айлағына іргелес орналасқан елді мекендерді (Төретап к., Ақай а.), сондай-ақ «Союз» ТЗ бүйірлік блоктарының құлау ауданына іргелес аймақта орналасқан елді мекендерді (Жезқазған қ. Және Талап а.) аспаптық зерттеу кезінде атмосфералық ауаның, топырақ пен ауыз судың зымыран отынымен ластану жағдайлары тіркелген жоқ.

Сондай-ақ «Протон-М» ТЗ ұшырылымын экологиялық сүйемелдеу кезінде «Байқоңыр» ғарыш айлағы орналасқан ауданнан және Қарағанды облысының

Ұлытау ауданындағы «Протон-М» ТЗ бірінші сатысының құлау орнынан атмосфералық ауа мен топырақтан зымыран отыны (гептил) табылған жоқ.

Анықтама: «Байқоңыр» кешені бойынша Қазақстан-Ресей үкіметаралық комиссиясының отырыстары шеңберінде жасасқан екіжақты келісімдерге сәйкес «Протон-М» ұшырылымдарының санын 2025 жылы бесеуге дейін азайтып қысқарту және 2026 жылы аяқтау көзделген. Мәселен, 2019 жылы 5 ұшырылым, 2020 жылы 1 ұшырылым жүзеге асырылды, 2021 жылы 3 ұшырылым жоспарлануда.

ТЗ штаттық ұшырылымдары кезінде олардың құлау аудандарындағы қоршаған ортаға тигізетін әсері оқшаулы сипатқа ие болып отырады, ұшырылымнан кейін құлау аймағындағы құлаған бөліктер жинап әкетіледі және жақын маңдағы елді мекендердің тіршілік ортасына гигиеналық баға беріледі (топырақ пен су сынамалары алынады, тұрғын халықтың арасында скрининг жүргізіледі).

Жалпы алғанда, «Союз» ТЗ және «Протон-М» ТЗ ажырайтын бөліктерінің қолданыстағы құлау аудандарында елді мекендер жоқ. Отын ретінде Т-1 керосинін пайдаланатын «Союз-2» ТЗ бірінші сатыларының жақын маңдағы құлау ауданы Жезқазған қаласынан 73,3 км қашықтықта орналасқан және оның экологиясына әсер ете алмайды.

ТЗ сатыларының құлау аймақтарындағы тұрғын халықтың арасында жыл сайын скринингілік зерттеулер жүргізу бойынша

«Қазақстан Республикасының «Байқоңыр кешенінің ғарыштық-зымыран қызметінің әсеріне түсіп отырған аймақтарына экологиялық мониторинг жүргізу қызметтері» мемлекеттік тапсырмасын орындау шеңберінде ТЗ ажырайтын бөліктерінің құлау аудандарына іргелес аймақтардағы елді мекендердің тұрғын халқының денсаулық күйіне скрининг жүргізіліп отырады.

Сондай-ақ соңғы жылдары орын алған зымырандардың апаттық ұшырылымдарының зардаптарын жою кезінде Ғарыш-Экология ғарыштық мақсаттағы зымырандардың апат аудандарына іргелес елді мекендердің тұрғылықты халқының денсаулық жағдайына скрининг және медициналық тексеру жұмыстарын жүргізді.

Анықтама: 2006 жылғы 27 шілдеде Қызылорда облысының Қармақшы ауданында «РС-20» ҚБЗ апаты орын алды, кейіннен 2007, 2009 және 2010 жылдары апат аудандарындағы (Кәмекбаев а., Қуаңдария а. және Төретам а.) тұрғын халықтың денсаулық күйіне скрининг жүргізілді.

2007 жылғы 6 қыркүйекте Қарағанды облысының Ұлытау ауданында «Протон-М» ТЗ апаты орын алды, кейіннен 2007, 2009 және 2010 жылдары Жезқазған және Сәтпаев қалаларында, Ескі Талап, Талап, Қарсақнай және Ұлытау ауылдарында тұрғын халықтың денсаулық күйіне скрининг жүргізілді.

2013 жылғы 2 шілдеде Қызылорда облысында «Глонасс-М» ҒА-мен «Протон-М» ТЗ апаты орын алды, кейіннен 2015 – 2016 жылдары Төретам к., Ақай а., Қазалы к., Сарыбұлақ, Сортүбек және Әйтеке би ауылдарында тұрғын халықтың денсаулық күйіне скрининг жүргізілді.

Тұрғылықты халықтың денсаулық жағдайына жүргізілген скринингілік зерттеулердің нәтижесін, сондай-ақ аталған елді мекендердің ТЗ құлау аудандарынан қашықта орналасуын және оларды тазарту бойынша уақытында қабылданып отырған шараларды ескерсек, «Байқоңыр» ғарыш айлағының

ғарыштық-зымыран қызметінің жоғарыда аталған елді мекендердің тұрғылықты халқының арасында онкологиялық аурулар мен орталық жүйке жүйесі ауруларының көбеюіне тікелей әсері анықталмаған.

Зымырандардың сатылары құлайтын аймақтарды және апат орындарын, сондай-ақ топырағы тазартылған орындарды ғылыми тұрғыдан зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру бойынша

ТЗ ажырайтын бөліктерінің құлау аудандарында кешенді ғылыми зерттеулерді Ғарыш-Экология «Ғарыш қызметі саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер» және «Қазақстан Республикасының «Байқоңыр кешенінің ғарыштық-зымыран қызметінің әсеріне түсіп отырған аймақтарына экологиялық мониторинг жүргізу қызметтері» республикалық бюджеттік бағдарламалары шеңберінде жыл сайын жүзеге асырып отырады.

Бұдан басқа, ТЗ апаттық құлау орындарының қоршаған ортасының күйіне, апат аудандарына іргелес аймақтардағы тұрғылықты халықтың тіршілік ортасы мен денсаулық жағдайына мониторинг жүргізіліп отырады.

Жалпы алғанда, зерттелген құлау аударында қоршаған орта нысандары табиғи қалпында және «Байқоңыр» ғарыш айлағының ғарыштық-зымыран қызметінің әсеріне қарсы тұрақтылығымен сипатталады.

Зымыран отынының химиялық элементтерін залалсыздандыру және табиғи ортаны қалпына келтіру әдістерін табуға арналған ғылыми зерттеулерді жыл сайынғы қаржыландыруды белгілеу бойынша

Ғарыш-Экология ғарыштық-зымыран қызметінің экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша ғылыми зерттеулерді «Ғарыш қызметі және ақпараттық қауіпсіздік саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер» республикалық бюджеттік бағдарламасы шеңберінде жүзеге асырады.

Бүгінгі күні симметриялы емес диметилгидразинмен (гептилмен) және оның химиялық түрлену өнімдерімен, сондай-ақ көмірсутекті зымыран отынымен (Т-1 керосинімен) ластанған топырақтарды уытсыздандыру технологиялары әзірленген.

Сондай-ақ топырақтағы Т-1 керосині мен гептилдің түрлену өнімдерінің шекті жарамды концентрациясы бойынша нормативтер, қоршаған орта нысандарындағы зымыран отынының компоненттері мен олардың түрлену өнімдерін анықтау әдістемелері әзірленіп бекітілген.

Мысалы, «Жер мен топырақты уытты органикалық заттектерден уытсыздандыруға арналған құрам» өнертабысына инновациялық патент алынып және оның технологиялық регламенті Ресей тарапына оның 2013 жылы «Протон-М» ТЗ-ның Қызылорда облысында апаттық құлау зардаптарын жою жұмыстарын орындауы үшін тапсырылған болатын. Т-1 керосинімен ластанған топырақты микробиологиялық уытсыздандырудың технологиялық регламенті «Роскосмос» мемлекеттік корпорациясына (Ресей Федерациясы) практика жүзінде қолдану үшін тапсырылды.

Зымыран отынының химиялық элементтерін залалсыздандыру және табиғи ортаны қалпына келтіру әдістерін табуға бағытталған ғылыми зерттеу

жұмыстары тұрақты түрде жүргізілуде және қажетті қаржыландырумен қамтамасыз етіліп отырады.

Анықтама: 2017 жылы 55,3 млн. теңге, 2018 жылы – 57,6 млн. теңге, 2019 жылы – 30,7 млн. теңге, 2020 жылы – 59,6 млн. теңге қаржы бөлінді.

«Байқоңыр» ғарыш айлағына іргелес аймақтарды экологиялық дағдарысалды қалпындағы аймақтарға жатқызу бойынша

ҚР СТ 17.0.0.01-2001 «Ғарыштық-зымыран кешендерін пайдаланудың экологиялық қауіпсіздігі. Терминдер мен анықтамалар.» ҚР мемлекеттік стандартына сәйкес іргелес аймаққа құлау ауданына кем дегенде 40 км қашықтықта орналасқан аймақ жатады

Бүгінгі күні «Байқоңыр» ғарыш айлағына іргелес елді мекендерге Қызылорда облысының Қармақшы ауданындағы Байқоңыр қ., Ақай а. және Төретам кенті жатады.

Жезқазған мен Сәтпаев қалаларының құлау аудандарынан 70 км астам қашықтықта орналасуына байланысты, сондай-ақ скринингтік зерттеулердің нәтижелерін, тұрғылықты халық арасындағы аурулардың көбеюіне «Байқоңыр» ғарыш айлағының тікелей әсер ету факторларының болмауын ескерсек, қазіргі уақытта бұл елді мекендерді экологиялық дағдарысалды аймақтарына жатқызудың қажеттігі жоқ.

Жалпы алғанда «Байқоңыр» ғарыш айлағының қызметіне байланысты мәселелер Үкіметтің тұрақты бақылауында болады.

А. Мамин

**Депутатам
Мажилиса Парламента
Республики Казахстан,
членам фракции «NUR OTAN»
(Кожаметов А.Т., Абаканов Е.Н.,
Бижанова Г.К., Каратаев Ф.А.)**

На № ДЗ-118 от 31.03.2021 года

Уважаемые депутаты!

Рассмотрев депутатский запрос по вопросам деятельности космодрома «Байконур», сообщаем следующее.

По уровню загрязнения территорий, прилегающих к космодрому «Байконур», и зон падения ступеней ракет-носителей

Экологический мониторинг всех пусков ракет-носителей с космодрома «Байконур» с казахстанской стороны осуществляется РГП «Научно-исследовательский центр «Ғарыш-Экология» (далее – Ғарыш Экология).

По итогам 2020 года при экологическом сопровождении пусков ракеты-носителя (далее – РН) «Союз-2.1а» в позиционном районе космодрома «Байконур» в приземном слое атмосферы обнаружено 24,8-29,4 мг/м³ предельных углеводородов (С₆ и выше) при норме 30 мг/м³.

При этом в Улытауском районе Карагандинской области на местах падения боковых блоков РН «Союз» в приземном слое атмосферы уровень предельных углеводородов составляет 22,8-29,4 мг/м³, что также в пределах допустимой нормы.

При инструментальном обследовании до и после пусков РН «Союз» прилегающих к космодрому «Байконур» населенных пунктов (пос. Торетам, с. Акай), а также на сопредельной территории с районом падения боковых блоков РН «Союз» (г. Жезказган и с. Талап) не выявлено загрязнение ракетным топливом (керосином Т-1) атмосферного воздуха, почвы и питьевой воды.

Также при экологическом сопровождении пуска РН «Протон-М» в позиционном районе космодрома «Байконур», и в Улытауском районе Карагандинской области на месте падения первой ступени РН «Протон-М» в атмосферном воздухе и в почве ракетное топливо (гептил) не обнаружено.

Справочно: В соответствии с двусторонними соглашениями в рамках заседаний Казахстанско-Российской межправительственной комиссии по комплексу «Байконур» предусмотрено сокращение пусков РН «Протон-М» с доведением в 2025 году количества пусков до пяти и завершением их в 2026 году. Так, в 2019 году осуществлено – 5 пусков, 2020 году – 1 пуск, в 2021 году запланировано – 3 пуска.

При штатных пусках РН воздействие на окружающую среду в районах падения носит локальный характер, после чего проводится очистка территории с вывозом упавших фрагментов и выполняется гигиеническая оценка среды

обитания близлежащих населенных пунктов (отбираются пробы почвы и питьевой воды, проводится скрининг населения).

В целом в используемых районах падения отделяющихся частей РН «Союз» и РН «Протон-М» населенные пункты отсутствуют. Ближайший район падения первых ступеней РН «Союз-2», использующий в качестве топлива керосин Т-1 находится на расстоянии 73,3 км от г. Жезказган и не может воздействовать на его экологию.

По проведению ежегодных скрининговых обследований населения, проживающего в регионах падения ступеней РН

В рамках выполнения государственного задания «Услуги экологического мониторинга территорий Республики Казахстан, подверженных воздействию ракетно-космической деятельности комплекса «Байконур» ГАРЫШ-ЭКОЛОГИЕЙ на постоянной основе проводится скрининг состояния здоровья жителей населенных пунктов, расположенных на территориях, сопредельных с районами падения отделяющихся частей РН.

Также при ликвидации последствий аварий ракет, произошедших в последние годы ГАРЫШ-ЭКОЛОГИЕЙ проведены скрининг состояния здоровья и медицинский осмотр жителей населенных пунктов, прилегающих к районам аварий ракет космического назначения.

Справочно: 27 июля 2006 г. в Кармакшинском районе Кызылординской области произошла авария МБР «РС-20», после чего в 2007 году, 2009 и 2010 годах проводился скрининг состояния здоровья населения в районах аварии (с. Комекбаев, с. Куандария, и в селе Торетам).

6 сентября 2007 года в Улытауском районе Карагандинской области произошла авария РН «Протон-М», после чего в 2007 году, 2009 и 2010 годах проводился скрининг состояния здоровья населения в городах Жезказган и Сатпаев, в селах Старый Талап, Талап, Карсакпай, Улытау.

2 июля 2013 года в Кызылординской области произошла авария РН «Протон-М» с КА «Глонасс-М», после чего в 2015-2016 годах в п. Торетам, с. Акай, п. Казалы, с. Сарыбулак, с. Сортубек и с. Айтеке би проводился скрининг.

По результатам скрининговых обследований населения, а также учитывая удаленность населенных пунктов от районов падения РН и своевременно принимаемые меры по их очистке, прямого влияния ракетно-космической деятельности космодрома «Байконур» на рост онкологических заболеваний и заболеваний центральной нервной системы жителей вышеуказанных населенных пунктов не установлено.

По организации научного обследования зон падения ступеней ракет и мест аварий, а также мест утилизации грунта

Комплексные научные исследования в районах падения отделяющихся частей РН осуществляются ГАРЫШ-ЭКОЛОГИЕЙ на ежегодной основе в рамках республиканских бюджетных программ «Прикладные научные исследования в области космической деятельности» и «Услуги экологического мониторинга территорий Республики Казахстан, подверженных воздействию ракетно-космической деятельности комплекса «Байконур».

Кроме того, ведется мониторинг состояния окружающей среды мест аварийных падений РН, среды обитания и состояния здоровья населения на территориях, прилегающих к районам аварий.

В целом в исследованных районах падения, объекты окружающей среды находятся в пределах естественного состояния и характеризуются устойчивостью к воздействию ракетно-космической деятельности космодрома «Байконур».

По установлению ежегодного финансирования научных исследований, направленных на поиск методов обезвреживания химических элементов ракетного топлива и восстановления природной среды

Научные исследования по обеспечению экологической безопасности ракетно-космической деятельности осуществляется Гарыш-Экология в рамках республиканской бюджетной программы «Прикладные научные исследования в области космической деятельности и информационной безопасности».

На сегодня разработаны технологии детоксикации почв, загрязненных несимметричным диметилгидразином (гептилом) и продуктами его химической трансформации, а также углеводородным ракетным топливом (керосином Т-1).

Также разработаны и утверждены нормативы по предельно допустимой концентрации в почве для керосина Т-1 и продуктов трансформации гептила, методики определения компонентов ракетного топлива и продуктов их трансформации в объектах окружающей среды.

К примеру, на изобретение «Состав для обезвреживания грунта и почвы от токсичных органических веществ» получен инновационный патент и его технический регламент был передан российской стороне для выполнения работ по ликвидации последствий аварийного падения РН «Протон-М» в 2013 году в Кызылординской области. Технологический регламент микробиологической детоксикации почвы загрязненной керосином Т-1 передан для практического использования в Госкорпорацию «Роскосмос» (Российская Федерация).

Работа по научному исследованию, направленная на поиск методов обезвреживания химических элементов ракетного топлива и восстановления природной среды, ведется на постоянной основе и обеспечивается необходимым финансированием.

Справочно: в 2017 году выделено – 55,3 млн. тенге, в 2018 году – 57,6 млн. тенге, в 2019 году – 30,7 млн. тенге, в 2020 году – 59,6 млн. тенге.

По отнесению к территориям экологического предкризисного состояния территорий, прилегающих к космодрому «Байконур»

В соответствии с Государственным стандартом РК СТ РК 17.0.0.01-2001 «Экологическая безопасность эксплуатации ракетно-космических комплексов. Термины и определения» сопредельной территорией является территория, прилегающая к району падения РН на расстоянии не менее 40 км.

На сегодня населенными пунктами, непосредственно прилегающими к космодрому «Байконур» являются г. Байконур, с. Акай и пос. Торетам Кармакшинского района Кызылординской области.

В связи с тем, что города Жезказган и Сатпаев Карагандинской области находятся на удалении более чем в 70 км от районов падения, а также учитывая результаты скрининговых обследований, принимаемые меры по очистке районов падения и отсутствие прямых факторов влияния космодрома «Байконур» на рост заболеваемости населения, в настоящее время нет необходимости отнесения к территориям экологического предкризисного состояния данных населенных пунктов.

В целом вопросы, связанные с деятельностью космодрома «Байконур» находятся на постоянном контроле Правительства.

А. Мамин